



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық - зомбылыққа, қылмысқа, жыныстық бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандыру – ата-аналар мен ұстаздардың да негізгі міндеттерінің бірі.

* Осы орайда есте болатын бір жағдай, он жасқа дейінгі балалар ата - анасы рұқсат берген сайттарға ғана енуге тиіс.

* Мамандардың ақыл - кеңесіне құлақ ассап отыруымыз абзал. Жастардың ғаламтордағы компьютерлік ойындарға тәуелділігін тексеріп, сол бойынша тиісті шаралар қолданып отыру керек.

* Жастардың ақпараттық технологиясымен байланысуы жылдан - жылға артып келеді. Интернет арқылы көптеген мәліметтер алады, білімін толықтырады. Электрондық оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген студенттер зерттеуге құштар, дүниені аз уақытта танып білетін, байланыс туралы жеткілікті меңгерген технология саласының білгірі болады.

Осылайша педагогикалық процесске жаңашыл амалдарды және технологияларды енгізу жастардың ағзасына оңды әсер арттырып, оқу сабақтарын танымдырақ, қызығырақ етеді. Жастарға түрлі дене дамуы тәсілдерін жеке жұмыста қолдана білуді үйретеді.

Қортындылап, келе Республикамыздың жарқын болашағы үшін дені сау, рухы таза, ойлары биік, ақпараттық ағындар заманымен бірге жүре алатын жан-жақты салауатты азаматтар болып өсу міндеті. Осы болашақ мамандарға басқа өркениетті елдермен тереземізді теңестіруге бағыт – бағдар беруде міндетті түрде заман талабына сай білім мен тәрбиемен сусындатуымыз абзал.

Қолданылған әдебиет

1. WIKIPEDIA. Ашық энциклопедия. Компьютер зияны.
2. «Ана тілі» газеті, - 1 шілде 2011. Компьютер баланың қасы ма, досы ма?
3. «Алтын орда» газеті, 28 қазан - 2001. Компьютерге таңылған ұрпақтың денсаулығы құлдырап барады.
4. «Қазақ үні» газеті, 6 сәуір 2011. Ғаламторға қамалған жастар.
5. Дене тәрбиесінің технологиялары. Астана, ЕҰҰ, - 2010. - 230б
6. www bel.kz

УДК 316.334

СПОРТШЫ БЕЙНЕСІ

Күмісбек Жұлдыз Сәндібайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Өлеуметтану» мамандығы 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж.

Спортпен шұғылдану заманауи қоғамда өте абыройлы және күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған. «Жас, денсаулығы мықты және табиғи жұмысқа қабілетті» деген пікірге сай болуға тырысатын немесе сондай бейнеде көрінгісі келетін қоғам мүшелері әрдайым фитнес-орталықтарға барады, саябақтарда асықпай баяу жүгірумен айналысады, әртүрлі энергетикалық сусындарды, тағамдарды қолданады. Алайда, «спортшымен» немесе «спортшы қыздармен» салыстыра отырып қарағанда, жоғарыда аталған бейне кәсіпқой спортшы бейнесімен толық ұштаспайды.

Кәсіпқой спортшы бейнесі ең бірінші қатаң тәртіп пен аскеттік өмір арқылы сипатталады. Дегенмен, тек тәртіп пен аскеттік өмір арқылы спортшының бейнесін ашу мүмкін емес. Оны спортшы бейнесін құрастырушы бір бөлігі ретінде қарастыру дұрыс. Тәуекелге бел буу, тәуекелге баруға күш таба білу, жігерлік, табандылық деген ұғымдар да спортшы бейнесін сипаттай алады.

Спортшы өз бойында әртүрлі қабілеттердің ашылуының, дамытудың, үйренудің арқасында спорттық тұлға ретінде қалыптасуға, қоғам мойындайтын, сыйлайтын тұлға ретінде қалыптасуға ұмтылады. Бірақ, спортқа барған, спортпен шұғылданған адам қоғам сыйлайтын, қадірлеп, еңбегін бағалайтын тұлға болу бәрінің бірдей қолынан келмейді.

Спортшыны сипаттау тұлғалық сипаттаумен шектелмеуі тиіс. Әлемдік психологтардың зерттеулерінің нәтижесі сондай пікір қалдырды. Психологтардың зерттеу нәтижелерін қолдана отырып, қоғамды зерттейтін басқа да ғылымдар қазіргі таңда спорт әлемін, спортпен шұғылданатын адам бейнесін ашуға тырысуда. «Спорт әлемі қоғамның айнадағы бейнесі» деген де пікірлер бар. Алайда, спорттық әлемді түсіну үшін оны жеке әлем ретінде, қоғамдық нормалардың кейбір элементтерін ғана көре алатын, өзіндік динамикаға ие, өзіндік тәртіппен құндылықтары бар қоғам бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Жарысқа қатысушы спортшыны жетелеуші факторлары ретінде тек қана қоғамдағы рөлі, саяси ықпалы немесе қоршаған ортаның алдында абырой ұғымдарымен шектелмеуі тиіс, сонымен қатар ол спорттың ішкі динамикасын сақтаушы және динамиканың жүруіне ықпал етуші, спорт құндылықтарын сақтаушы және пайдаланушы ретінде де көре білу керек.

Спортшы бейнесін тарихи тұрғыда ашуға тырысу барысында, спортшы бейнесінің әртүрлі өзгерістер нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік тұлға деген тұжырымға келуге болады. Бүгінгі күнгі спортшы бейнесі – саналуан метамарфозалар нәтижесі. [1]

Спортшы бейнесі XVIII–XIX ғасырда Англияда пайда болды. Спорттың әлемдік аренаға шығуына байланысты, континенттік Еуропада спортшының ағылшындық нұскасынан бөлек қабілеттері қарастырылды. Спортшы қыздар бейнесі XX ғасырдағы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі уақытта ашылды.

XVIII ғасырда Англияда анық көрініс тапқан әлеуметтік мобилдік орын алған. Отбасылық титулды тек үлкен ұлы ғана мұра ретінде алып қала алса, қалған отбасы мүшелері қоғамдағы өз орындарын қарапайым буржуазия ішінен іздеу нәтижесінде экономикалық, тұлғааралық қатынастар нәтижесінде әлеуметтік дистанция сақтау қиындаған. Сол себепті қоршаған ортаға өз дәрежесін көрсетіп, дәлелдеп отыру қажет еді «conspicuous consumption» («жария тұтыну» — Торстейн Веблен)[2]. Бай джендельмендер өз абыройын сақтап, өз-өзін көрсету үшін жүгіруге, боксқа немесе ат жарысына қатысатын спортшыларды жалдап алатын болған. Сонымен қатар әртүрлі жарыстарда ақша тігу арқылы өз дәрежесін көрсете білген. Спортшылардың жалданбалы жұмыс жасауы абыройсыз іс-әрекет деп қарастырмаған. Жаттығу жасай жүріп, олар спорт ішінде өзіндік құндылықтар, ережелерді сақтап, спорттық динамиканы жалғастырған.

XIX ғасырдың басында спорттық динамика бәсеңдеп қалды. XIX ғасырдың ортасына қарай спорттың қайта жандануына себеп болған жағдай - спортқа келген орта тап өкілдері болды. Күнделікті өмірде мұғалім, дүкен бастығы немесе заңгер өзін спорттық өмірмен байланыстыра алды. Өзін спортшы ретінде сынап көруге мүмкіндік болды. 1800 жылы орта тап Англия мен Уэльстің қоғамының 3% құраса, 1850 жылдары 16%, 1900 жылдары 30%-ға дейін көтерілді. Жоғарғы тап өкілдері ат жарыс, крикет, бокс спорттарын дамытумен және оған қызығушылық танытумен шектелсе, орта тап өкілдері конькимен жарысу, жүзу, күрес, жеңіл атлетика сияқты спорттың басқа түрлерін дамытуға үлес қосқан.

Спорттың күнделікті өмірге сіңісуі спортты әскери ортада таратуға әкелді. Спортшының дене бітімінің шымырлығы мен табандылық, өжеттілік сияқты рухани құндылықтары әскери ортада идеал түрде қалыптасқан бейне болды. Сонымен қатар мәдени өмірді дамытушы ақындар спортшы бейнесін идеал етіп жазып жатса, мүсінші, суретшілер идеалды адам бейнесін салу үшін, спортшының бет-бейнесін, тұлғасын салуға ұмтылған. Спортшының идеалды бейнесі әскери өмірде де өз орнын тауып, идеалды әскери адамның бойынан спортшының қабілеттері болуға тиіс болды [3].

Дене шынықтыру, дене тәрбиесінің арнайы құралдарын жасау мен пайдалану ісі қоғамдық жетістіктер жиынтығының көрсеткіші ретінде қалыптасып, жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып сіңісіп кетті.

Спорттың даму тарихында қоғамдағы өзгерістермен қатар спорттың мән-мағынасын

түсінуге болады. Спорт саласы әр елде мемлекет тарапынан бақылауға алынған және мемлекет тарапынан қолдауға ие. Спорттық ғадет әлеуметтік бақылауды жүзеге асырады. Спорт - маңызды әлеуметтік институт.

Дене тәрбиесі мен спорт - адамдардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі, үнемі қоғам назарында және мемлекеттік деңгейде қолдауға ие. Халықаралық аренада спорт мемлекет имиджінің көрсеткішіне айналды. Кез келген мемлекетте спорт саяси әлеуметтік-құқықтық нормалармен қадағаланады. Қазіргі кезде елде халықты спортқа баулуға арналған әртүрлі шаралар өткізілуде. спорт кешендері күн сайын ашылуда, балаларға арналған алаңдар салынуда. Осы іс-шаралардың басты міндеті – жастарды спортқа баулу және спорттың күнделікті өмірдегі рөлін күшейту, себебі, спорт салауатты өмір салтын жүргізетін адамның образын қалыптастырумен қатар, әлем танып, мойындайтын тұлға қалыптастыра алады.

Қолданылған әдебиет

1. Кристиана Айзенберг, Спортсмен, «Логос» 2006, №3
2. Veblen, Thorstein. Theorie der feinen Leute. Eine ökonomische Untersuchung der Institution. Frankfurt a. M., 1986
3. Кристиана Айзенберг. Gesellschaftsgeschichte des Sports. Die Dynamik eines englisch-deutschen Kulturtransfers (1800-1939). Paderborn, 1998.

УДК 796:611.7

«НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС – ПРИЧИНЫ ЗАНЯТЬСЯ НАСТОЛЬНЫМ ТЕННИСОМ»

Лаврова Анастасия

nasty_a_94-96@mail.ru

Студент 3 курса факультета социальных наук специальности

«Физическая культура и спорт»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.Ф. Липина

Настольный теннис является одной из самых популярных массовых спортивных игр. Систематические занятия настольным теннисом оказывают благотворное влияние на организм человека, улучшают его физическое развитие, повышают работоспособность.

Благодаря доступности и необычайной увлекательности этот вид спорта приобрел десятки миллионов поклонников во многих странах мира.

Международная федерация настольного тенниса, основанная в 1926 году всего лишь десятком стран. Регулярно, в нечетные годы, разыгрывались чемпионаты мира по настольному теннису. В Лондоне в 1926 году прошел первый чемпионат мира по настольному теннису.

На данный момент в международной федерации настольного тенниса насчитывается 202 страны-участницы. До совещания 27 апреля 2006 года в германском отеле Маритим (город Бремен) в международной федерации настольного тенниса насчитывалось 200 стран-участниц. Теперь - на две страны больше. Сейчас международная федерация настольного тенниса выросла в крупнейшее спортивное объединение. С Олимпийских игр 1988 года проходивших в Сеуле настольный теннис становится олимпийским видом спорта.

Причины заняться настольным теннисом.

В журнале «Men'sHealth» была опубликована следующая статья под названием «Пора к столу!», автор Антон Иванов: «Не надо стесняться, если твой теннис не большой, а настольный. У этого варианта есть масса своих достоинств.

Причины заняться настольным теннисом: